ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2025 жылғы 12 желтоқсан №7119-25-00-2/14038 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Ж.Нұрғалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«QazIndustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» акционерлік қоғамы

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Электро Сервис Диас» атынан Муздыбай Диас Ғалымұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 - 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап коюшы «QazIndustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» акционерлік қоғамының жауапкер жеке кәсіпкер «Электро Сервис Диас» атынан Муздыбай Диас Ғалымұлын мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы қойған талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Электро Сервис Диас» атынан Муздыбай Диас Ғалымұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Электро Сервис Диас» атынан Муздыбай Диас Ғалымұлынан «QazIndustry» Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» акционерлік қоғамының пайдасына 96 600 (тоқсан алты мың алты жуз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы және 2 898 (екі мың сегіз жүз тоқсан сегіз) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Документ подписан: Нурғалиева Ж. Д., 12.12.2025
Дата вступления в законную силу: 20.01.2026, судья Нурғалиева Ж. Д., 20.01.2026

Жеке кәсіпкер «Электро Сервис Диас» атынан Муздыбай Диас Ғалымұлынан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге - осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья

Ж.Ж.Нұрғалиева

Документ подписан: Нургалиева Ж. Д., 12.12.2025

Дата вступления в законную силу: 20.01.2026, судья Нургалиева Ж. Д., 20.01.2026